

Бекітемін: *Ақсап*
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай- бақшасының
әдіскері А.Ә.Жақсылықова

«КҮЗГІ ЕҢБЕК-БЕРЕКЕЛІ»

(Ересектер «Ер Тәстік» тобының ашық оқу қызметі)



Тәрбиеші: Сатыбалдиева Б

Таушық ауылы, 04.11.2025 жыл

Білім беру дағдысы :Танымдық ,коммуникативтік, әлеуметтік және зияткерлік , шығармашылық дағдыларын дамыту.

Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеті: Қоршаған ортамен таныстыру , сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, құрастыру, жапсыру, ұлттық мәдениет.

Тақырыбы. «Күзгі еңбек-берекелі»

Мақсаты: Балалардың күз туралы түсінігін кеңейтіп, күз мезгілінің ерекшелігін бақылау. Қоршаған ортадағы табиғат өзгерістерін, күз мезгілінің құбылыстарының ерекшеліктерін атай білуге үйрету. Табиғатты қорғауға, оның әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу.

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:

I.Кіріспе бөлім:

Шаттық шеңбері

Күз келді алтын жапырақ,
Еңбек етсең — шаттық бақ.
Берекелі мезгіл бұл,
Еңбек еткен — өнімді ұл! 🌻

Тәрбиеші:

— Балалар, табиғат қандай тамаша! Күз келіп, бақшамыз молшылыққа толған.

— Ал сендер «Шалқан» ертегісін білесіңдер ме? Ертегіде қандай кейіпкерлер бар.

- Ата, әже, немере, ит, мысық, тышқан.

— Дұрыс айтасындар, Бүгін бізде шалқан ертегі кейіпкерлері қонақта, олар бізге түрлі тапсырмалар әкеліпті. Тапсырмаларды орындауға дайынбызба?

1. Ата — «Күз мезгілі»

Тапсырма: додокадрмен күз туралы әңгімелеу

Сұрақ-жауап:

(додокадр арқылы сұрақтарға жауап алу)

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Күз мезгілі.

-Күз мезгілінің неше айы бар?

-Үш айы бар.

-Қане, айлардың аттарын атап беріңдерші?

-Қыркүйек, қазан, қараша.

-Күз мезгілінде ауа-райы қандай болады?

- Салқын, жел, жаңбыр жауады.
 - Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?
 - Ағаштың жапырақтары қурап, жерге түседі.
 - Құстар жылы жаққа ұшып кетеді.
 - Адамдар жылы киіне бастайды.
 - Күзде адамдар қандай еңбек етеді?
 - Барлық жеміс-жидектер пісіп жетіледі, адамдар оны күзде жинап алады.
- Ата: күз туралы білімдерін жетілдіру

Тәрбиеші:

- Ата еңбегін бастады. Кім көмектеседі екен?

2. Әже — ақыл иесі

Тапсырма: Күз, еңбек туралы мақал-мәтелдің басын айтамын, жалғасын табу

1. Күзде еткен еңбек — қысқа азық.
2. Күздің бір күні – жылға азық.
3. Күздің қамын жаз ойла.
4. Еңбек етсең – емерсің.
5. Күзде егілген дән-көктемде ән.
6. Жеміс- жаздың сыйы, астық-күздің сәні
7. Күз – молшылық айы.

Тәрбиеші:

3. Немере – жұмбақ шешу

Тапсырма: күз туралы жұмбақтардың шешуін табу

Сары кілем төсейді,
Жерге жапырақ төгеді.
(Күз)
Алтын сары домалақ,
Ағаш басында — бала бақ.

☞ (Алма)

Жер астына түседі,
Сап-сары боп піседі

☞ (Сәбіз)

Қызыл, жасыл, сары түрі,
Дәмді, шырын – бәрі бірі.

☞ (Жеміс)

Қара, көк, кейде ақ,

Шоқ-шоқ болып өседі.

👉 (Жүзім)

Ұстарамен алынбас,
Ұйысып тұрған қалың шаш.

👉 (Бау-бақша)

Ұрмай-соқпай жылатады,
Әркім бірақ ұнатады.

👉 (Пияз)

Жарайсыңдар, сендер өте тапқырсыңдар.

4. Күшік- «Тазалықты сақтайық»

Тапсырма: бақшадағы “Жапырақтарды жинау” ойыны
(Бақшадағы шашылған жапырақтарды жинату, күзгі еңбекке баулу)
Керемет! Еңбек еткен жерде, тазалықта, әдемілікте болады.

5. Мысық – “жабыстыру” шығармашылық алаңға бару

Тапсырма: күзгі жапырақтан мысықтың мүсінін жасау
Тәрбиеші: Балалар жарайсыңдар. Қараңдаршы, қандай әдемі мысықтың бейнесі шықты.

6. Тышқан «Бақшадағы еңбек»

Тапсырма: Бақшаға барып жемістер мен көкөністерді ажыратып жинау
Енді бәріміз еңбегімізді жалғастырып, бақшаға барайық!

Бақшадан не көріп тұрмыз.

-Олар нелер?

-Көкөністер мен жемістерді ажыратып, жинайық.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар. Нағыз еңбекқор екендеріңді тағы дәлелдеңдер.

Еңбек нәтижесі — ас әзірлеу

Тәрбиеші:

— Міне, еңбегіміздің жемісі — жемістер мен көкөністер!

Енді олардан салат пен сусындар жасайық.

2 тапқа бөліп көкөністер мен жемістер деп 5 -5тен

🍷 Компот қайнату:

• Балалар алдын ала жуылған алма, өрік, жүзімді суға салып, тәрбиешінің көмегімен “қиялдағы” компот жасайды.

(Шыны ыдысқа салып, үстіне су құйып, араластыру – ойын түрінде.)

Сергіту сәті:

Таң атты. (Ұйқыдан оянғандай орындарынан тұрады)
Күннің көзі шықты.(Екі қолдарын айқара ашады)
Жел соға бастады.(Екі қолдарымен тербеледі)
Жапырақтар айналып жерге түсті.(Айналады)
Жаңбыр жауа бастады. (Отырып,екі алақанмен жерді соғады)
Жаңбыр қатты жауа бастады.(Қолдарымен жерді тез-тез соғады)
Жаңбыр тоқтады.(Орындарынан тұрады)
Қайтадан күн шықты. (Қолдарын айқара ашады)
-Жарайсыңдар, балалар!

V. Дәм тату және қорытынды

Тәрбиеші:

- Міне, балалар, еңбегіміздің нәтижесі — дәмді салат пен тәтті сусын!
- Кім еңбек етті?
- Балалар сендерге ашық оқу қызметі ұнады ма?
- Қай бөлімі ұнады?
- Ертегідегі қай кейіпкерлердің қай тапсырмасы ұнады.

 Қорытынды өлең:

Еңбек етсең — емерсің,
Бақша толы берерсің.
Күздің күні қымбат қой,
Қуанып біз өнерсің!

